

A. ТОЙШАНҰЛЫ

МӘДЕНИ НЫСАНДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТУРАЛЫ МИФТЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

(Қазақ пен монголдың фольклорлық материалы бойынша)

Этиологиялық мифтердің бір саласына мәдени нысандардың шығу тегі туралы мифтер жатады. Бұл мифтерде адамдар жасаған мәдени нысандар мен игілікті салттарға космос бейнесі көшірмеленіп, олардың әубастағы қасиетті ілкі нұсқасы дәріптеледі. Миф поэтикасына сойкес «табиғи нысан – мәдени нысан» бір-біріне қарама-қарсы қойылып, адам колынан жасалған мәдени құндылықтардың мәні, сыр-сипаты түсіндіріледі.

Қазақ пен монголда бұндай мифтер бар. Біз оларды тақырыбына қарай тәмендегідей топка беліп отырмыз:

- 1.Музыкалық аспаптар мен өнердің пайда болуы туралы.
- 2.Құрал-саймандардың пайда болуы туралы.
- 3.Мәдени есімдіктердің пайда болуы туралы.
- 4.Қымыздың пайда болуы туралы.
- 5.Оттың пайда болуы туралы.

6. Қонақасы салтының пайда болуы туралы.
7. Ою-өрнектердің пайда болуы туралы .

Алдымен құрал-сайманның пайда болуы туралы мифтерді талдайық. Қазақта ұстаниң қышқашы мен диқанның қара кетпенінің қалай пайда болған-дығы жөнінде әзелгі әңгіме бар.

Әлемдік мифологияда жасампаз қаңарман қауымға мәдени игіліктерді тауып береді немесе өзі жаңадан жасап береді. Ол алғашқы отты табады, еңбек-кәсіп құралдары мен мәдени өсімдіктерді өмірге әкеледі, көпір, бас spanna тұрғызады, қайық істейді, сонымен қатар қауымның өмір сүру ереже-ырымдарын жасақтап, оларға азық-түлік табу тәсілі мен қолөнерді үйретеді. Осылайша жасампаз қаңарман екінші санаттағы, яғни жасанды қолтума дүниелерді өмірге әкеліп, қауымды табиғаттан оқшаулап, адамға тән өмір сүру салтын қалыптастырып, мәдени құндылықтарды жузеге асырады. Бұл істері

арқылы жасампаз қаңарман жаратушы мен адам қауымының ортасына дәнекершілік қызмет атқарады екен [1,67].

Бір сөзбен айтканда, екінші санаттағы мәдени нысандардың пайда болуына жасампаз қаңарман белсенді әрекет жасап, осы итілікті істерден соң табиғат пен адамның ара жігі алшақтағаны көрініс табады. Осы тақырыптағы мифтерде адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде өмір сүріп, хайуанненнәр әлемінен бөлінуі таңбаланады.

Айтылған жайттардың сілемін қазактағы ұстаниң қышқашы мен діқанның кетпенінің, сондай-ақ алғашқы от пен бидайдың, қымыздың пайда болуы туралы мифтерден байқауға болады. Бұл мифтерде ежелгі дәуірде түркі-монгол халықтарына тотем болған ит пен жылан немесе қарлығаш құсы жасампаз қаңарманға үндес қызметтерді атқарады. Мысалы:

«Ежелгі заманда Дәуіт ұста киелі өнерінің шарапатымен қалың қауымын асыраған екен. Оның кереметтігі сондай, жалаңаш қолымен қызыл шокты көсіп, нарттай қызған темірді ұстап, ие біледі екен. Өкініштісі, осы өнері баласына қонбайды. Себебі, баласы ұсталықтың сертін бұзып, елден ақының сыртында пара алып, күнә жасайды. Соны сезген Дәуіт «Мен өлген соң халық қиналады, сонда, балам, сен менен жұқпаған өнерді иттен үйреніп, жан бағарсын» деп өсietet калдырады. Айтқандай-ақ ұста баба өмірден өткен соң қауымы күйзеле бастайды. Ал, баласы дүкен құрып, темір согайын десе жалаңаш қолымен отты көсеп, балқыған темірді алуға алаканы күйіп жарамайды. Ол әбден тарығып, қарап отырса, ит алдынғы сирағымен сүйекті қысып ап мұжіп отырғанын көреді. Әкесінің айтқаны есіне түсіп, ол итке еліктеп, оның сирағына ұқсатып қыш-қаш соғып, сонымен қызған темірді ұстап, іс соғатын болыпты. Осылайша ұстаниң қышқаш сайманы алғаш пайда болса керек» [2, 126].

Бұл сюжеттен ұсталардың ілкі бабасы Дәуіттің керемет қасиеттерін көреміз. Ұстаниң қышқашы итке еліктеуден пайда болып, ит қауымға үлгі көрсетші жасампаз қаңарманға ұқсас міндettі атқарып тұрғаны – қызықты жайт.

Әлем халықтары Жаратушыны ең ұлық шебер ретінде елестетеді [3,208-209]. Қазак тәніріні «Жаратқан», «Жасаған» деп те атаған. Мифтік таным заңдылығына сай бүтінгі ұста қолына балғасын ұстап Дәуітке сыйынып ырым жасағанда ежелгі замандағы ілкі-ата ұстаниң заңды мирапкорына айналады. Яғни, тарихи уақыт пен мифологиялық уақыт тоғызып, қазіргі ұста бағызы рухиенің атынан іс соғады. Осындай ежелгі түсініктерге, ырым-кәделер-

ге байланысты Ұста культі өмірге келген. Ұста – отты игеруші, қара темірді камырдай илеуші керемет иесі. Ал, Тәнір ең ұлық шебер болып саналады. Әлем халықтарының мифологиясында сол себептен жасампаз қаңарман ретінде ұстаға табыну сарыны мол кездеседі [4,21-22]. Қысқасы, ұста жаратушы мен адам қауымының арасын жалғастырушы дәне-керші тұлға болып саналады.

Қазакта ұстаниң пірі – Ер Дәуіт. Ол қуніне тоқсан әскерге сауыт-сайман соққан деген аныз бар. Дәуіт пайғамбар туралы Құран Кәрімнің Бақара сүресінде «Алла Дәуітке патшалық, даналық берді. Әрі оған қалағанын үйретті (Темірден сауыт жасау, құстардың тілін білу т.б.)» деген [5,41].

Алайда ұстаниң қышқашы туралы сюжет пен Дәуіт пайғамбар есімі монгол фольклорында кездеспейді. Өйткені, бұл сарынның аргы төркіні ислам дінімен байланысып жатқандығы байқалады. Монголда ұста культі бар. Рашид-ад-дин жаңа жыл – Шаған айы келгенде монголдар Эргенекөң өлкесінде темір қорытып, тар шатқалды тесіп шықкан деген анызды еске түсіріп, хан әuletі көмір дайындалап, темір қыздырып, төске қойып, балғамен ұрып рәсім жасайтынын жазады [6,154].

Диқан кетпенінің пайда болуы, нақтырақ айтқанда, «Қара кетпенінің мандаійындағы тесіктің пайда болуы туралы» сюжет те монгол халқында жоқ. Қазакта «Қара кетпенінің мандаійындағы тесік қалай пайда болған?» деген сауалға жауап беретін мынадай этиологиялық миф сақталған:

«Ерте, ерте, ертеде бір адам кездейсоқ оқ жыланының ордасына тап болып, оларды жазықсыздан жазықсыз талқандап, қастық жасайды. Жапа шеккен жаралы жыландар сол адамның соңына түсіп, шағып өлтіруге серттеседі. Қаскей пенде жыландардан қашып, шыбын жанына сауға тілеп, дүниенің төрт бұрышын шарласа да құғыншылардан құтыла алмайды. Қайда барса да алдынан ыскырынып, заңарын шашып, қаптаған қалың жылан өріп шығады. Шарасыз халғе тап болған пақыр бұл жайтты айтып, әулиеге барып панарайды. Қария «Жайын жатқан жыланның құйрығын өзің басқан екенсін. Ордалы жыланнның жолына ешкім тосқауыл бола алмайды. Атылған оқ жылан тасты да, болат темірді де бордай үтіп тесіп етеді. Бірак дүниеде ешкімнің атта-ұына, таптауына болмайтын бір ғана ұлық нәрсе бар. Ол – нан. Нанды өсірген диқанның кетпені де қасиетті», – дейді. Содан қария ауылдастарын жедел жинап, казанға салып қарыма нан пісіртіп, жігітті жатқызып, сол нандармен оны қаптап тастайды. Жыланнның келетін жолына кетпенді қарсы қойып, адамдар Аллаға сыйынып қарап отырады. Бір за-

манда ысқырынып, айбат шегіп, тұқым-тұяғын бастап ордалы жыланның патшасы келеді де, бар пәрменімен кара кетпенге қарай атылады. Кетпеннің темірін кас-қағым сәтте қағаз ғұрлы көрмей, как ортасынан тесіп еткен оқ жыланның тұмысығы нанға тигенде майрылып, ирелен ете түседі. Бұны көрген адамдар: «Тәуба, тәуба!» – деп жаратқанға жалбарынады. Осылайша женіліс тапқан жыландар кері шегініп, қайтып кетеді. Содан кейін қазақ баласы нанда бұрынғыдан да қадір тұтып, қасиетіне бас ұратын болыпты. Ал, дикан атаның кара кетпеннің мандаидындағы жалғыз тесік осыдан кейін пайда болыпты-мыс [7; 8,65-66].

Бұл сюжет монгол халқында жоқ. Миф Сыр бойында ежелден егіншілікпен айналысатын халықтың арасында айтылатындығы тегін емес. Осы елкенің бақсылары науқас адамды кетпенмен ұшықтайтын болған [9,147].

Сонымен бұл өнірде диканшылық кәсібіне байланысты кетпенге табыну жосыны қалыптас-қандығын андаймыз. Ал малшылықпен айналысатын монголдарда және қазақ даласының басқа өнірлерінде бұл сюжет әзірше белгісіз. Рас, ит пен жылан түркі-монгол халықтарының ежелгі тотемі болғандықтан, оларға табыну салты екі халықта ортақ кездесетінің ақиқат.

Мифте мәдени нысан кетпен мен нан табиғи нысан жыланға қарсы қойылғанын көреміз. Нәтижесінде жылан женіліске ұшырап, адам енбегінің өнімі – кетпен мен нан ұлықталады. Миғтің құрылышынан «жылан-кетпен» «жыланнан» деген кереғар түсініктердің шендеңсекін байқаймыз. Бұнда ежелгі тотем – жылан адамның қолтума өнімі наннан женіліс табады. Енбек құралы кетпеннің мандаидындағы тесік жыланның шабуылынан пайда болады. Бірден айтарымыз: бұл мифте жылан жасампаз қаңарман емес, ол – көрініше, адам туындысы кетпенге қарсы шабуылдаушы, оның мандаидын тесуші. Миғтің мәнінен «кетпен киелі, ол адамды жыланнан қорғап, содан мандаиды тесілген, ал, кетпен өсірген нан одан да киелі, оған жыланның әлі жетпеген», – деген түсініктердің білуге болады. Жылан негізінен мәдени нысанға қарсы келуші емес, ол құнақтар адамнан кек алушы ғана. Түйіндесек, бұнда жылан – мәдени құндылықты жүзеге асырушы жасампаз қаңарман емес, тек қана кездейсоқ кетпеннің мандаидын тесуші. Бірақ қайткенмен де кетпеннің мандаидындағы тесіктің пайда болуына төмөнгі әлем өкілі жыланның әсері болғаны мифте бейнеленген.

Әлемдік мифологияда тотем-баба құрбандық шалынғанда мәдени игіліктер пайда болатын сарындар бар. Ал, қазақ мифологиясының поэтикалық

ерекшелігі сол – қандай бір құрбандық қаскөйліктің, жауыздықтың, нәтижесінде атқарылып, соның әсерінен кейбір мәдени нысанның кескінделбеті, тұртұрпаты пайда бол, құндылық жасалып жатады. Яғни, ежелгі түсініктегі қасиетті құрбандық сана-ның дамуына байланысты жауыздық әрекетке трансформацияланып кеткен болу керек. Бір қызығы сол: қазақ мифологиясында жауыздық әрекет жасалғанымен, мәдени нысан күйреп-жойылмайды, керінше бүгінгі қажетті өтейтін кемелденген қалпына келеді. Мысалы, Шыңғыс хан домбыраның көмейіне қорғасын құяды, нәтижесінде оның шанағындағы тесік пайда бол, қазіргі әйдік қалпына келеді. Біз талдап отырған сюжетте жылан кетпенге атылады, есессіне диканның құралы қазіргі үздік пішінге ие болады.

Сонымен, кетпеннің тұртұрпатына өзгеріс енгізгенімен бұндағы жылан жасампаз қаңарман емес екендігін айттық. Бұның өзі қазақ мифологиясының поэтикалық бір ерекшелігін көрсетеді. Жылан қаскөйлік бағытта болғанымен, бұл мифтің мәнінен «Жылан қасиетті, ол қунақарды жазалаушы. Бірақ жыланнан кетпен, одан нан қасиетті» деген түйіндерді байқаймыз. Осылайша ежелгі тотем – жылан жасампаз қаңарман міндеттін тікелей атқармағанымен, мәдени нысан – кетпеннің пішінін жасауға қатынасып, бір сөзбен айтқанда, кетпеннің қасиетті сипатка ие болуына көмектесіп тұр.

Қазақ пен монгол халықтарында қымыз бер айранның пайда болуы туралы ұқсас сарындар бар. Қазакта Қамбар ата жылқыны алғаш рет қолға үйретеді, тұнғыш қымызды ашытады, өйткені биенің сүті не айран, не ірімшік, не сүт болмайды, отқа піспейді, содан Қамбар ата ашытып, қымыз жасап үйретеді [10,100; 11,226].

Қымыздың шығу тегі туралы монгол сюжеті былай: «Ертеде жалғыз биесі бар бір адам көл жағасын мекен етеді екен. Бір күні жалғыз биесі құлындаپ, ол аяқтана алмай көлге құлап өліпті. Биесінің желіні сыздағандықтан олар сүтін сауып, жия беріпті. Бір күні таудағы әулиеге зекет бергелі барған үй иессі:

– Бір биесін бар еді. Құлышы өлген соң сүтін сауып, жинай берген едік. Сүті ашы, бір түрлі дәмді, – дейді.

Сонда әулие: – Е, оны қымыз дейді, маған алып келіндер. Содан кейін құш-куаты барларың ағашқа аркан-жіп байлап, дайын отырындар», – дейді. Қөп кешікпей аспаннан қалың жылқы түскенде адамдар шама-шарқынша байлап-матап алыпты, жылқы мен қымыз алғаш солай пайда болған екен [12,85].

Бұдан алғашқы жылқыны ұстап, тұнғыш қымыз-

ды ашытып үйретуші қазакта Қамбар ата, монголда тау өулиесі екендігін білдік.

Монгол мифінде жылқы аспаннан түскендігі айтылады. Бұған ұқсас сарын қазакта да бар. Мысалы, «Жылқыны алғаш ұстап әкелгенде бір аксақал: “Жал-құйрығы қанат екен, төрт аяғы болат екен, жануардың жүрген жері жаугершілік екен, шырактарым, осыны тапқан жерлеріне апарып тастандар” – деген екен», – деген аңыз бар [13,60].

Бұнда жылқының «жал-құйрығы қанат екен» деп құсқа балануы ол аспан текті хайуан деген түсініктен туса керек. Әйткені, арғы бабаларымыз хүннұларда аспан жылқылары туралы аныздар болған. Ол жайында ғалым Л.П.Потапов «Ежелгі хүннұларда Давань деген биік таудың ұшарбасында аспан жылқылары мекен етеді, оларға биелдерді жіберу арқылы шағылыстырып, құлынын алуға болады», – деген наным-сенім болғанын айтады.

Сондай-ақ ғалым якуттардың эпосы мен түсінігінде жылқы көктен жаралғандығы бейнеленгендігін айтады [14,176].

Монголдарда айранның пайда болуы туралы миф бар. Бұл сюжет қазакта жоқ екендігі белгілі. Онда: «Ертеде бір кемпір сиырын сауса, оның сүті күндегіден қышқылтым, әдемі болған екен. Себебін, сиырынан сұраса, ол «Балжин бүбінің сүті тамған Онон арасаның ішкен едім» дейді. Содан бастап адамдар Балжин бүбінің киелі сүті тамған Онон арасынан ұйтқы алып, айран жасайтын болған екен» [12,170].

Бұл миф қытай халқының Маутай деген арағының пайда болуы туралы сюжетімен ұқсас. Онда перизаттың аянынан сон ауылда қасиетті бұлак пайда боп, адамдар сол бұлактың суымен арақ ашытып, әйгілі маутай солай пайда болады [15,60].

Түйінде айтқанда, қазак пен монгол халықтары жылқыны аспан текті хайуан деп түсінітінін және де жылқыны қолға үйретуші ілкі-бабаның (қазакта Қамбар ата, монголда тау өулиесі) қымызды да алғаш ашытуға ықпалы болған деген байырғы түсініктің жұрнағын білдік. Сонымен, бірге айран туралы сюжеттің қазакта жоқ екендігі, яғни, біздің мифология кейір ерекшелікке ие екендігі де анықталған түсті.

Қазақ пен монголда мәдени өсімдіктердің пайда болуы туралы мифтер бар. Монголдарда «Арақ пен темекі, апиинның пайда болуы» туралы мифтер бар [16,42-44]. Ал, бұл сюжет қазакта мүлде жоқ. Осы сарындар тибет-қытай халықтарының әсерінен пайда болуы да ықтимал, ал, ислам дініне енген қазактар арасында бұндай зиянды заттарға қатаң тыйым салынатыны белгілі. Керісінше, бидайдың пай-

да болуы туралы қазақ пен монгол халықтарындағы сюжет ортақ екендігіне көз жеткіздік.

“Ертеде ауа райы жылы болып, адамдар молшылықта өмір сүріп, аспаннан аппақ ұн жауатын тоқ заман болған екенмыс. Сол уақытта бір кесір әйелдің көргенсіз баласы үлкен дөреттен сон құйрығын аппақ ұнмен тазалаған екен. Соның кепиеті атып, жаратушы қаңарланып, аспаннан ұн орнына ақ қар жауғызған екен дейді. Адамдар аштықтан қырылып, үсіп өле бастайды. Сол кезде ит жаратқанға жалбaryнып несібе сұрайды. Құдай оған бір тал бидайдың масагын береді. Осылайша иттің аркасында адамдар алғашкы дәнге ие боп, содан бастап оны жерге егіп, ырыздық ететін болған екен. Біздің қазіргі жеп жүрген нанымыз сол иттің несібесі екен, сондыктан ит жеті қазынаға жатады. Ал, зауалға ұшыраған адамдар бидайды молайтып егіп, азық-тулігін ауыр еңбекпен дайындастырын болған екен”.

Түркі-монгол халықтарына кең таралған бұл мифтің нұскалары “Этнографическое обозрение” журналында сондай-ақ “Қазақтың мифтік әнгімелері” [8,69] кітабында жарияланған. Осы сюжетті 1889 жылы Тарбағатайдағы монголдар мен қазақтардан жазып алған А.Ивановский «Киргизский вариант того же сказаний представляет собою странное соединение легендарных мотивов» деп түсінік жасап, осы сюжеттің басқадай халықтар арасында бар екендігі туралы «Из сказаний такого рода, как уже указано было известны: великорусское, малорусское, болгарское, польское, монгольское, малоазиатское и др.» [17,264-265], – деп жазады. Бұл мифтің монгол тіліндегі нұскалары «Монгол халқының мифологиясы» деген кітапта жарияланған [12,167]. Келесі бір нұсқасы Г.Н.Потаниннің «Очерки Северо-западной Монголии» деген енбегінде жарық көрген [18,352].

Біздің ойымызша, алдымен бұл сюжетте тарихта болған табиғаттың күрт тоңдану құбылысы көрініс тапқан. Сонымен бірге терімшілік дәүірі аяқталып, енді егіншілік басталғандығы әнгімеленген. Қолға үйретілген алғашкы хайуандардың бірі, адамның досы ит ілкі дәнді жарат-қаннан сұрап алушы мифтік жасампаз қаңарманға айналып отырғандығы қызығылтықты. Осылайша бізге белгілі болғандай ұстанның қышқашы мен бидайдың масагының итпен байланыстырылуы ежелгі тотемдік түсініктен анық хабар береді. Иттің түркі-монгол халықтары үшін тотем-баба екендігі айқын [19,63-69].

Бұл мифте ит жаратушы мен адам қауымының ортасына дәнекершілік ететін жасампаз қаңарманға үндес қызмет атқарып тұр. Әйткенмен рухиелік стадиядағы кезеңінде әлемдік діндердің әсерімен ыды-

раган қазак-монгол мифологиясында жасампаз қаңарман тәнірге тікелей қарсы келіп, немесе белсенді күрескерлікпен игіліктерді адамдарға әпере алмайды, тек қана құдайдың шапағатының аркасында ғана жақсылыққа қол жеткізеді. Сондықтан бұнда ит жартылай жасампаз қаңарман міндестін атқаруышы, яғни құдайға жалбарыну арқылы ғана құндылыққа ие болушы екендігі айқындалып тұр.

Қазақта мактандың шығу тегі туралы миф бар. «Әзірет Адам мен Хая ана әжеміз жұмақтан шықканда өздерінің жалаңаш денелеріне құрма жапырағын жамылған... Қазіргі уақытта біздің күмдеріміз мактадан дайындалған материалдан жасалады. Макта алғаш рет құрма пальмасынан жерге түскен тамшыдан өсе бастаған да, кейіннен біз одан макта өндіре бастанаптыз. Ал, біз киім кешекті макта кездемесінен осы себеппен кис бастанаптыз, мұның езі бізге ежелгі заманнан мұра болып қалған» [20,226].

Бұл сюжет монголда мүлде жоқ. Өйткені, бұл ислами сюжет будда дінін ұстанатын монголдар-ға тараалмаган болса керек.

Кез келген мифологияда негізгі мәдени нысандардың бірі – от. Қазақ пен монгол халықтарында отқа табыну салтына байланысты ортақ ырым-көдөлер бар екендігі ғылымда дәлелденген [21].

Ғұрыптық от бөлу рәсімінің ертектерде орын алған іздерін академик С.Қасқабасов кешенді талдаған [22,74]. Фалымдар тұнғыш оттың пайда болуы туралы мифтерден ежелгі дәүірдің тұрмыстіршілігін аңғаруға болатындығын айтқан [23,25]. Олар бұл тақырыптағы мифтерді екі топқа жіктеген: I. Отты алғашкы сақтап отырған иесінен құстың үрлап алуы; II. Отты адамдар екі ағашты үйкеп шығарып алуы.

Қазақта отты алғашкы сақтап отырған тұп иеден үрлап алу туралы мифтің жұрнағы сақталған. Біз бұл сарындағы екі мифтің мәтінін кездестіріп отырмыз. Біріншісін А.Ивановский “Этнографические обозрение” журналына жариялаған. Онда Фрук деген дуананың отты құдайдан тіленіп тозақтан, яғни ежелгі түсініктегі тәменгі әлемнен әкелгендігі жөнінде мәлімет айтылған.

«Ертеде адамдар отты білмеген. Олар құдайдан от сұрағанда күн мен айды жаратқан. Сол кезде адамдар арасында Фрук деген бір ақылды дуана бар еді. Ол жаратқаннан от сұраса, «Адам үшін күндіз күнді, тұнде айды жараттым» дейді. Сонда Фрук адамдар жылынып, тاماқ пісіретін оттың қажет болғандағын түсіндіреді. Құдай Фрук дуананы тозақта жібереді, ол сол жерден оттың үшкіның алып шығып, адамдар арасында от пайда болады» [16,265].

Екінші нұсқаны ел аузынан өзіміз жазып алдық. Бұл шайтан көбелек туралы миф. «Ертеде адамдар отқа ие болған соң тәменгі қараңғы әлемнің патшасы от әкел деп шайтан көбелекті біздің ортанғы әлемге жұмсаған екен. Ол өз еліне жарық сәуле апарса, патшасы қызын беруге үде етіпті. Содан кеш болса жынды көбелек от ұрламақшы боп шамды айналып ұшады. Бірақ отты қалай алуудың айласын білмейді. Сөйтеп тұра перуана сұлу қызға қызығып, көзіздікпен отқа өртеніп өле бередімис».

Бұл мифтің толық нұсқасы монгол фольклорында сақталғандағын байқауға болады. Енді соны келтіріп, салыстырулар жасайык:

“Ертеде адамдар әлемінде от болмаған. Адамдар кешке жақын жоғары әлемде от жағылғанын байқап, аспаннан от ұрлауға қарлығашты жұмсаған. Ол аспанға ұшып барса, отты жоғарғы әлемнің кемпірі күзетіп отыр екен. Қарлығаш отты іле қашқанда, кемпір қолындағы қышқашпен қарлығаштың құйрығын қысып қалған. Содан қарлығаштың құйрығы айыр болған. Енді біздің әлемде от пайда болғанын көрген тәменгі әлем патшасы от әкелуге жынды көбелекті жұмсаған. Соқыр көбелек оттың өзін емес, ұшындағы көкшіл жалынын шымшып ап, тәменгі әлемге апарған. Содан тәменгі әлемнің отында қызу жоқ, тек қана көкшіл жалын шығарады. Ал, нағыз отты ұрламақшы боп соқыр көбелек кеш болса отқа өртеніп өле беретіні содан” [12,161-162; 24,75].

Қазақта қарлығаштың отты әкелгендігі туралы мотив өзгеріске ұшырап, көмескіленіп кеткен болу керек. Дәл бұндай мәліметті өзірге кездестіре алмай отырмыз. Бірақ “Қазақ Совет энциклопедиясында” мифология туралы жазылған мақалада “Прометейге сәйкес келетін бейне – қазақта қарлығаш” [25,67] деп, бұл құстың тәменгі әлемнен адамдарға от әкеліп бергендігін айтады. Қарлығаштың масаның тілін жұлдып, тәменгі әлем патшасы жыланның қаупінен адамдарды құткарғаны туралы мотив көңтаралғаны белгілі. Түйіндең айтқанда, қазақта да оттың пайда болуы туралы мифтің жұрнақтары сақталған. Жекелеген деректермен әрі монгол мифімен салыстыра отырып, оттың пайда болуы туралы қазақ мифіне реконструкция жасауға болатын сияқты. Сонымен, қарлығаш жоғарғы әлемнен отты әкелуші, ал шайтан көбелек тәменгі әлемге отты апармақшы қаңарман екендігін андаймыз. Алдағы уақытта бұл тақырыпта ел аузынан тың деректер жинап, теренірек іздене берген жөн.

Қазақ пен монгол халықтарында екі ағайынды жасампаз қаңарманың қос ағашты үйкеп от шығарып алу мотиві мүлде сақталмаған. Австралиялық,

африкалық байырғы тайпаларда екі агашты үйкеп от шығарып алу мотиві мол таралғандығы белгілі [3,22]. Монголдарда отқа тасаттық салтында айтылатын мадақ жырлар сақталған. Қазакта бұндай рәсім көмескіленіп, мәтіндер жойылып кеткенін айтуда көздең. Монголдардың отқа табыну жырында:

«Хаған ием сақтаған от,
Ханыша анам үрлеген от,
Әкең сенің құрыш болат,
Анаң асыл кара тас», –

деген жолдар бар.

Сонымен, қазакта отқа табыну салты көмескіленіп кеткендіктен отқа арналған мадақ жырлар да немесе оттың пайда болуы туралы мифтің мәтіні де бізге толық құйінде жетпегендігі айқындалды. Фалым Д.Банзаров «Ламалар ел аузындағы бақсының сарынын жинап ап оған буддизм элементтерін қосып, кітапша жасап, елге таратқан», – деп жазады [26,49]. Оның айтуынша, монголдарға будда діні енгенде ежелгі қара діннің киелі рәміздері бұрмаланғанымен, оның кейбір мәтіндері қағазға түсірілген көрінеді. От туралы мадақ жырлар, ежелгі түсініктер, мифтер монгол халқында әжептәуір сақталып қалғандығының бір себебі осында болса керек. Ал, қазактарда оттың шығу тегінің өзі ислам дінінің тозағымен қатыстырылып, (себебі, шайтан оттан жаралған), содан Фруқ деген дуананың отты әкелгендігі туралы трансформацияға ұшыраған сюжеттің сақталғандығын білдік. Түйінде айтқанда, қазакта отқа табыну шайтанның ісіне саналып, әлемдік дін тарабынан құғынға ұшырап, от туралы нағым-сенімнің іргесі недәуір шайқалғандығы айқын білініп тұр.

Ежелгі түріктерде алғашқы отты Надулуша шығарып алған деген аңыз бар [27,8]. Бірақ бұл түрік Прометейнің отты дәл қалай шығарып алғандығы туралы нақтылы сюжет бізге белгісіз.

Екінші санаттағы мәдени нысандарға әлеуметтік қатынасты реттейтін иғлікіті салтын пайда болуы туралы миф те жататынын айттық. Қазакта «Қонақасы» салты туралы миф бар. «Ертеде монголдарды алғаш рет қолға үртеткен абыз қария сакара далада өмір сүрген екен. Қарияның үш ұлы болыпты. Ол кезде далада адамдар аз, ал, қарияның өсірген малы қисапсыз мол болған деседі. Қария елерінде балаларын шакырып, барлық малын төрткес бөліп, бақұлдастып, өсист айтады. Сонда балалары әкесінен «Біз болсақ үшеуміз, ал, сіз малды неге төртке бөлдіңіз? Төртінші бөлікті кімге қалдырасыз?» деп сұрайды. Қария «Мен төртінші бөлікті сендердің үйлеріне қыдырып келетін қонаққа несібеге қалдырып отырмын, бұл қонақасы бола-

ды. Қонақасыға бөлінген мал сендердің малдармен бірге өсіп-өнеді, сендер оны үйлеріне қонақ келгенде сойып бересіңдер. Ал, қонақтар қымсынбай-ақ кәделі малын тойып жеп жүретін болсын», – деген екен. Содан бастап қазактар үйіне келген қонақтың құшак жайып қуана қарсы алып, мал соятын болған. Қарияның үш баласынан үш жүздің ұрпағы таралып, бәрі де қонақасы салтын бұлжытпай орында айтын болған» [28,293].

Бұл мифте қария баба алғаш рет жабайы малдарды, қой, ешкі, жылқы, сиыр, түйелерді қолға үртеп өсірген, үш жүздің ұрпағын таратқан, сонымен бірге қонақасы салтын қалыптастырыған жасампаз қаňарманың қызметін атқарып отыр. Халқымыз мейманdos салтымен данқы шығып, «еншісі бөлінбеген елміз» дейтіні осы байырғы ұғымнан бастау алса керек.

Монголдарда дәл осы сюжет кездеспейді.

Қорытынды жасасақ, қазак пен монгол халықтарында екінші санаттағы мәдени нысандар туралы мифтер бар екендігі анықталып, олардың мәтіндері сарапанып, талдау жасалды. Осы тақырыптағы мифтер әлем мифологиясының аумағынан аса алшақ кетпейді, әйткенмен кейбір төл ерекшелікке де ие екендігі байқалды. Бұл мифтердің мәні сол, онда адамның әлеуметтік тіршілік иесі екендігі таңбаланып, хайуанаттар әлемінен бөлектенеүі көрініс табады. Қазақ пен монгол мифологиясындағы екінші санаттағы мәдени нысандарға музыкалық аспаптар мен өнер, құрал-сайман, (ұстаның қышқашы, кетпен) мәдени өсімдіктер, (бидай, мақта), тағам (қымыз бен айран), от, ою-өрнек, игілікті салт жататыны айқындалды. Мұхит жағалауындағы халықтар мифологиясында кездесетін алғашкы қайық пен қармақ туралы сюжеттер бізде мүлде жок, керісінше айран мен қымыз туралы әзелгі әнгіме бар екендігі білінді. Бұл даралық мәдени-шаруашылық типтегі ерекшелікке байланысты екендігі айқын. Керісінше, оттың пайда болуы туралы мифтің әлемдік мифологиямен типологиялық тұрғыдан унде екендігі байқалды. Сонымен бірге қазак пен монгол мифтерінің айырмашылықтары да айқындала түсті. Мысалы, ұстаның қышқашы мен диканның кетпені туралы миф қазакта ғана бар, ал, жұлдызнама тақтасы, темекі, арак, апиынның пайда болуы туралы мифтер монголда кездеседі екен. Себебі, дикан кетпені туралы миф егіншілік дамыған Сыр бойы тұрғындарынан жазылып алынды, бұл сюжет монголда ғана емес, қазак даласының басқа аймақтарында кездесе бермейтінін айтқан жөн. Қазакта алғашқы ұста Дәүіт пайғамбар, ал, монгол мифологиясында

оның есімі мұлде кездеспейді. Бізде темекі, апиын, арак туралы мифтер жок, ал, мақта туралы миф бар. Бұл айырмашылықтар діни ерекшелікten туындағаны анық.

Қазақ пен монголдағы музыкалық аспаптар мен өнердің, от пен бидайдың пайда болуы туралы сюжеттер ортақ дәстүрден тамыр тартқандығы дәлелденді. Оттың пайда болуы туралы монгол мәтіні казақ мифін қайта жаңғыртуға көмектесстің көрінді.

Сонымен бірге осы тақырыптардағы мифтерде үлкен міндет атқаратын жасампаз қаъарман мәселесіне арнағы токталдық. Қазақ пен монгол мифологиясы рухиелік кезеңде түрғанда әлемдік діндердің әсерінен ыдырағандықтан жасампаз қаъарман да ығыстырылып, оның міндетін тәнірі өзі атқарып кеткендігі шындық. Әйткенмен, біз, жасампаз қаъарманның міндетіне үндес қызметтер атқаратын мифологиялық кейіпкерлерді тауып отырмыз. Ол осы халықтардың ежелгі тотемдері – қарлығаш, жылан, ит. Мәселен, жылан кетпеннің мәндайындағы тесіктің пайда болу оқиғасына қатысса, ит алғашқы дәнді жаратқаннан сұрап алады, ұстаның қышқашының пайда болуына үлгі көрсетеді, қарлығаш монголда алғашқы отты жоғарғы әлемнен үрлап әкеледі. Бұнда жылан мәдени нысанды жарастуши емес, оған шабуыл жасаушы, нәтижесінде кетпеннің қазіргі пішінін жасаушы курделі кейіпкер. Ит алғашқы дәнді тәнірден сұрап алады, демек жасампаз қаъарман ретінде ол белсенді әрекет жасай алмайды, тек қана жаратқанның дайын сыйын адамға жеткізуши, бұнда бәрібір тәнірі зор міндет атқарып тұр. Әйткенмен ит сүйек қысып алған алдыңғы сирағы арқылы ұстаның қышқашының пайда болуына үлгі көрсетуі оны жасампаз қаъарманның қызметіне жақындастып тұр. Қарлығаш монгол сюжетінде отты жоғарғы әлемнен үрлап әкеліп, құйрығы айыр болады. Ол осы белсенді әрекеті арқылы шын мәнісінде жасампаз қаъарман міндетін толық атқарып тұр. Бірақ қазакта қарлығаштың осы қызметі недөүір көмексілініп кеткендікten кейір деректер арқылы жаңғыртуға әрекет еттік. Ал, қазақ пен монголда тәменгі әлемге от үрлап апарғалы жүрген жынды қөбелектің қызметі ұқсас екенін білдік.

Сонымен, қазақ пен монгол мифологиясындағы жасампаз қаъарман мәселесіне алғаш мәрте талдау жасадық. Рухиелік стадиядағы кезеңінде әлемдік діннің ықпалымен ығыстырылғандықтан қазақ пен монгол мифологиясында жасампаз қаъарман өз міндетін толық дөрежеде атқара алмайды, әйткені ондай жауапкершілікті құдай ғана орындастын бол-

ған. Сол себептен қазақ пен монгол мифологиясында мәдени құндылықтарды тәнірінің көмегімен жартылай жүзеге асырып жүретін, белсенділігі кемшін, жарты-жасампаз қаъарман бар екендігі дәлелденді.

ӘДЕБИЕТ

1. Народные знания.Фольклор.Народное искусство. М.: Наука, 1991. Вып. 4. 168 с.
2. Қазақ аңыз-ертеғілері. Бейжін, Үлттар баспасы: 2002. 947 б.
3. Шахнович М.И. Первобытная мифология и философия. Л.: Наука, 1971. 240 с.
4. Мифы народов мира. М., 1982. Т. 2.
5. Құран Қарім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған Х.Алтай. 1991.
6. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. М.-Л., 1952. Т. I. 221 с.
7. Айттып берген: Филологияғы ғылымдарының кандидаты С. Дәрібай.
8. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: Ғылым, 2002. 320 б.
9. Құдайбергенова А. Сырдарияның тәменгі ағысында тұратын қазақтардың әдәт-ғұрпты мен салт-дәстүрлерінің ерекшеліктері // Қазақтың әдәт-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: еткендегісі және бүгіні. Алматы: «Ғы-лым» ғылыми баспа орталығы, 2001. 428 б.
10. Токтабай А., Сейітқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. Алматы, 2005. 192 б.
11. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. Алматы: Аруна, 2006. 252 б.
12. Цэрэнсодном Д. Монгол ардын домог үлгэр. Уланбаатар, 1989. 239 х.
13. Сейфуллин С. Шығармалары. Алматы, 1964. 6-том.
14. Потапов Л.П. Конь в верованиях и эпосе народов Саяно-Алтая // Фольклор и этнография. Л.: Наука, 1977. 200 с.
15. Көрші. 2006. №2.
16. Бенингсен А.П. Легенды и сказки Центральной Азии. СПб., 1912. 168 с.
17. Этнографическое обозрение. 1890. №4. Кн. II.
18. Потанин Г.Н. Очерки Северо-западной Монголии. Материалы этнографические. СПб., 1883. Вып ІУ.
19. Тойшанұлы А. Антропогоникалық мифтердегі ит символы және «ит жайде» салтының семантикасы (қазақ пен монголдың фольклорлық материалдары бойынша) // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2004. № 5-6. 63–69-бб.
20. Диваев Ә. Тарту. Алматы:Ана тілі, 1992. 256 б.
21. Қазақ пен монголдың отқа табыну рәсімі туралы тәмендеңгі еңбектерден қаруыңызға болады: Банзаров Д. Собрание сочинений. М.: Издательство Академии наук СССР, 1955. С. 72. Ұәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985. 169-196-бб.
22. Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. Алматы: Наука, 1972. 260 с.
23. История первобытного общества. Эпоха первобытной родовой общины. М.: Наука, 1986. С. 538; Мелетинс-

- кий Е.М. Происхождение героического эпоса. М., 1963. С. 25.
24. Пүрэв О. Монгол бөөгийн шашин. Уланбаатар, 2002. 388 х.
25. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 1976. 8 том .
26. Банзаров Д. Собрание сочинений. М.: Издательство Академии наук СССР. 1955. 374 с.
27. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан: Сана, 1991. 80 б.
28. Казахские сказки. Алма-Ата, 1964. Т. III. 432 с.